

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.2 - Б.43-46

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР МЕН ОМОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Серикбаева Умит, студентка I курса
НАО «КазАТУ им.С.Сейфуллина»,
г.Нур-Султан*

Тіл - көркем шығарманың ең бірінші элементі. "Қалың көпшілік дұрыс бағалап жүргендей, кез келген көркем шығарма өзінше бір өмір деп қабылданатын болса, өмірде тіл арқылы қарым-қатынастың болмағы - табиғи құбылыс". Бұл рас. Кез келген халықтың байлығы — оның тілінде. Сөз затты немесе құбылысты атайды, ұғымды білдіреді. Қандай да бір көркем шығарманың көркі, шұрайы сол шығарманың тілі арқылы көрінеді, тілі арқылы бағаланады.

Ақын қаламынан туған образды, соны тіркестерде сөз де тіптен тың, мағыналық жаңа реңкке ие болуы мүмкін. Яғни, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап көркемдік жасап үйлесімге келтіретін тіл байлығының көріктеу құралдары, тәсілдері бар. Омоним, көп мағыналы сөз, антоним, фразеологизм сияқты экспрессивтік-эмоционалдық сөздер - Мұқағали шеберлігінің негізгі арқауы, өлеңдерінің тілін танытудың ең бір өзекті тұсы болып саналады.

Көп мағыналы сөздер – тіліміздің байлығының көрсеткіші. Көркем шығармада көп мағыналы сөз өте көп қолданыста жүреді. Суреткер көркемдік үшін ойын айқын жеткізуде стильдік бояуы бар көп мағыналы сөздерді қолданып, контекст ішінде бір сөздің бірнеше мағынасын ашып береді. Ақын өлеңдерінен сөздің негізгі мағынасынан басқа туынды мағынасында жұмсалған когнативтік қызметін /қосымша мағыналық реңктердің/ айқын көруімізге болады. Сонымен әр түрлі мағынасы бар сөз көп мағыналы сөз екені бізге мәлім. Полисемия — барлық тілдерде қолданылатын құбылыс. Бір сөзге бірнеше мағына беру арқылы берілген сөздер ақын лирикасында кең орын алады. Көп мағыналы сөз тек тілдік құбылыс қана емес, көркем дүниедегі бейне сырын ашудың көрсеткіші.

Омонимдер мен полисемияны бір-бірінен ажырата білу керек. Омонимдердің полисемиямен бір ұқсастығы бар: омонимдер де, полисемия да бірдей дыбысталып, айтылады, жазылады. Омонимдердің полисемиядан басты бір айырмашылығы: омонимдер бірдей дыбысталып, айтылып, бірдей жазылса да, мағыналары әр түрлі болады да, мағыналар арасында байланыс болмайды. Ал полисемия, яғни көп мағыналы сөз, бірдей дыбысталып, бірдей

жазыла отырып, мағыналары жағынан жақын, байланысты болып келеді. Мәселен, адамның басы, таудың басы, жұмыстың басы деген сөз тіркестерінде келген бас сөзі көп мағыналы сөз, өйткені бұлардың арасында мағыналық байланыс бар. Ал, аяғыңды бас, жұмыстың басы деген сөз тіркестерінде келген бас сөзі омонимдер. Бұлардың мағыналары арасында байланыс жоқ. Көп мағыналы сөзде мағыналық бірлік болса, ал омоним сыртқы тұлғасымен ғана ұқсас болып келеді. Ш.Бектұров пен М.Серғалиев "Қазақ тілі" еңбегінде омонимдер мен көп мағыналы сөздерді былай ажыратады: "Сөздің көп мағыналығы мағыналары жағынан бір-біріне жақын болса, сөздің көп мағыналығы, ал сөздер мағыналық жағынан бір-бірінен қашық болса, онда оның омоним болғаны"[1].

Ә.Хасенов "Тіл білімі" атты еңбегінде: "Омонимдер мен полисемияның ұқсастығы — екеуінің бірдей дыбысталатындығы, айырмашылығы — омонимдер мағынасы жағынан басқа-басқа болады, полисемияға жататын сөздер мағыналары жағынан жақын болып келеді," - деп анықтама береді [2].

Т.Қордабаев, І. Кеңесбаев сияқты ғалымдардың еңбектері бойынша омонимдерді мағыналары мен тұлғаларына қарай:

- а) лексикалық (толық) омонимдер;
- ә) лексика-грамматикалық, (жартылай) омонимдер;
- б) аралас (көп компонентті) омонимдер деп үш топқа бөлінеді [3].

Лексикалық омонимдер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бірыңғай тұлғаға ие болып тұрады. Ал лексика-грамматикалық омонимдер әр сөз табына қатысты болады, осыған орай, олар бір тұлғасында бір-бірімен сәйкес келіп, басқа тұлғаларында ажырасып кетеді. Аралас омонимдік қатар лексикалық омонимдерді де, лексика-грамматикалық омонимдерді де қамтиды.

Сондай-ақ құрамына қарай түбір және туынды омонимдер болып келеді.

Біздің жұмысымыздың осы тарауға қойылған мақсаты – М.Мақатаевтің өлеңдеріндегі жай омонимдерді тауып талдау жасау ғана емес, омонимдер мен көп мағыналы сөздердің лексикалық анафора мен эпифора қайталамаларының мәнін ашу, қолданылу міндеттерін анықтау, сонымен қатар, ақын тіліндегі көп мағыналы сөз бен омонимдердің қайталануы өлеңнің көркемдігіне, мазмұнына, мәнеріне қандай әсер еткендігін айқындау.

Ақынның өлеңдеріндегі өте жиі қолданылған, көп мағыналы сөздердің бірі - ақ сөзі. Бұл сөзді автор әр түрлі мағынада жұмсайды, бір өлеңнің немесе шумақтың ішінде бірнеше рет қайталап, жаңа бояу, жаңа реңктер береді.

"Ақ" атауының: "таза, пәк, кіршіксіз, адал, әділ, әдемі, сұлу, айқын, асыл, ардақты" т.б. осы сияқты өзара сәйкес, мәндес ұғымдарды білдіруінен де анық көруге болады.

Ақын жырларында "ақ" сөзі мынадай тура және ауыспалы мағынада сөз тіркестерінде кездеседі: ақ жауын, ақ әлем, ақ сәукеле, ақ сәуле, ақ қар, ақ ұлпа, аққа оранған көшелер, ақ жеңгем, ақ арман, ақ бұлт, ақ үміт, ақ қайын, ақ көңіл, т.б.

Ақынның "Алғашқы қар" деген өлеңінде "ақ" сөзі тура мағынада, сындық қызметте жұмсалған.

Дүние-ай, ақ әлем, кереметсің,
Сұлумын дегендер шын саған жетсін!..
Сары ала көйлегінді аппақ түске,
Бір түнде ауыстырып үлгеріпсің.

Мұнда автор "ақ" сөзін бір шумақта бірнеше рет қайталайды, кейіпкер өз бетін ақ бастауда жуғанда өзінің өтіп кеткен жастық шағын еске алады. Бұл жерде "ақ" сөзі таза, күнәсіз, тамаша, керемет балалық шақтың күндерін, зымырап ұшып кететін қарқынды сәттерін, бақытты кездерін сипаттауда қолданылған. Нәресте кез өтсе де, бірақ кез келген адамның есінде ол туралы естелік қалады. "Ақ бастау" сөз тіркесі лексикалық анафора жасайды. Сондай-ақ "бастау" деген сөз омоним болады. "Бастау" сөзінің бірнеше мағынасы бар. Мысалы, "бір істің бастауы", "кірісу", "сөз бастауы", "жалыға бастау" т.б. Ал мына өлеңде "бастау" сөзі "бұлақ, қайнар" мағынасында берілген. Ал,

Боянып аппақ нұрға бар төңірек,
Киіпті ақ сәукеле тал мен терек, -

өлеңдегі ақ сәукеле киген тал мен терек тірі жанмен салыстырып, олардан арманын сұрайды.

Ақынның сұрағына "ақ сәукеле" үндемеді, "ақ бұлттар" "ақ нөсермен" жылады. Мұнда "ақ" сөзінің тура мағынасы берілгенмен, ауыспалы мағынасын айқындауға болады.

Ақша қар күн нұрымен шағылысып,
Ақ сәуле жамырайды, алып ұшып.
Төркіндеп есік ашқан қар қызымен,
Жер Ана көрісуде сағынысып.

"Ақ сәуле" сөз тіркесі бір қалыпты, бірыңғай, ұзаққа созылған, ұдайы қайталанып тұратын құбылыс сипаты ретінде пайдаланылған. Ал "ақ бұлт" "аппақ, қардай ақ, таза" мәнін береді. Өлеңде автор «ақ» сөзін қайталап, ардақты, таза, асыл арманды суреттеу үшін шебер қолданды.

М.Мақатаевтің өлеңдеріндегі түсті білдіретін көп мағыналы сөздердің қайталануы өте маңызды бейнелі компонент. Лексикалық бірліктердің қайталануы мәтіндегі эмоционалдық айшықты сөздердің тойымдылығын, бейнелі айбындылығын көтереді. Мысалы, өлеңіндегі соңғы шумақта "ақ" сөзінің анафоралық қайталануы басты рөл атқарады, автор осы түсті аяулы және нәзік таңның түсімен байланыстырып отырады.

Қар жауды,
Біздің жаққа алғашқы қар,
Ақ ұлпа - аспан жазған сәлем хаттар.
Қалықтап қанат жайып қонып жатыр,
Алапат жерге деген сағыныштар! [4].

Бұл өлеңде автор "ақ" көп мағыналы сөзін 4 рет, аппақ 3 қайталайды. Осы бір-ақ омоним сөзі арқылы ақын алғашқы қар жауған қыстың таңының сұлулығын, қайталанбас көрінісін сипаттайды.

Келесі үш жолда: "Ақ таудың бөлеп мен бесігіне, ақ таңның сүтіменен асыраған, Күн — менің асыл анам, асыл анам", - деп, автор "ақ таң" сөз тіркесін, "күн" сөзін асыл ана бейнесімен салыстырып отырады, "ақ тау" оны бесігіне бөлеп, "ақ таңның сүтіменен" асырайды.

Анафора қолданылуымен бірге өленде тұйықты қайталама кездесіп отырады. Бұл жердегі "ақ таң" сөзі қайталанып отыратын сөздердің қатарында бастамасы және аяқталуы ретінде беріледі. "Ақ таң" сөзінің мағынасы өлеңнің негізгі тақырыбы, автор ақ таңның келгендігін сипаттайды.

Өлеңнің бірыңғай дауысты "А" дыбысынан басталуы да сондай мәнерлі. Бұл ассонанс қайталаманың түрі стилистикалық тәсіл ретінде өлеңге ерекше экспрессивтік-эмоционалдық әсер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. Алматы, «Білім», 1994. -224 б.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі [Текст] : оқу құралы / - 2-ші бас. - Алматы : Санат, 1996. - 416 б.
3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі [Мәтін] : Жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық / Қордабаев Т. - Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. - Алматы : Мектеп, 1983. - 231 б.
4. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Төрт томдық. Құраст. Орақазын Асқар. - Алматы, «Жалын» баспасы, 2001. 448 б. Мысалдар ақын шығармаларының осы басылымынан алынды. бойынша беріліп отырды.
5. Туксайтова Р.О. Русский язык в мультикультурном пространстве Казахстана: государственная политика и общественные настроения. in Web of Science. Quaestio Rossica vol.4 2016 №4 p.94-107.

Научный руководитель: ст.преподаватель Омарова Г.Т.